

ЖАСТАРЫ ЖАРҚЫН ЕЛОРДА

4-БЕТ | ШАҺАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ



САРЫАРҚА – ҚАЗАҚТЫҢ АЛТЫН ЖОТАСЫ

5-БЕТ | РУХАНИЯТ



БІЛІКТІ БАПКЕР

8-БЕТ | СПОРТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Жастар әскерге Отан алдындағы борышын өтеуге барады. Жас сарбаздарымыз өз міндетін алаңсыз орындауы үшін әскер қатарында, ең алдымен, темірдей тәртіп болуға тиіс. Қарулы күштер мен басқа да күштік құрылымдар осы талапты мүлтіксіз орындауы қажет.

№86
(4830)
Бейсенбі
24 шілде
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ДИМАШ – ҚЫРҒЫЗСТАННЫҢ ХАЛЫҚ ӘРТІСІ

Қазақстанның халық әртісі, әнші әрі композитор Димаш Құдайбергенге «Қырғыз Республикасының халық әртісі» құрметті атағы берілді.

Димаш Құдайберген Чолпон-Ата қаласында өткен «Мейкин Азия» IV халықаралық музыка фестиваліне құрметті қонақ ретінде қатысып, сейсенбі күні мыңдаған көрермен алдында ән шырқады. Қырғыз Республикасының президенті Садыр Жапаровтың жарлығымен берілген құрметті атақ фестивальдің жабылу рәсімінде салтанатты жағдайда тапсырылды.



Сұлтан СЕЙІТ

Астанада жол жөндеу және жаңа жолдар салу қарқынды жүріп жатыр. Елорданың ортасындағы негізгі ауқымды көшелермен қатар қаланың шеткі аймақтарында да жолдар жөнделіп, жаңа жолдар пайда бола бастады.

4

ЖОЛ ЖӨНДЕУ ҚАРҚЫНЫ ЖОҒАРЫ

ЖИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТЕГІН ҮЙРЕТЕДІ

Елордада 12-18 жас аралығындағы оқушыларға арналған TUMO креативті технологиялар орталығы ашылады. Бұл туралы Astana Hub басқарушы директоры Валерия Тё орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында мәлім етті.

«Бұл – оқушыларға қосымша білім беретін заманауи платформа. Бағдарлама 11 бағытты қамтиды, соның ішінде генеративті ЖИ, ойын жасау, анимация, 3D модельдеу, робототехника және басқа да салалар бар. TUMO – Астанада орналасқан халықаралық ЖИ орталығы. Alem.ai ғимаратының 2, 3-қабаттарында орналасады. Мұнда жылына 5000 оқушыны тегін оқытуды жоспарлап отырмыз. Ешқандай іріктеу талабы жоқ. Курстар қазан айында басталады» деді Astana Hub басқарушы директоры.

ЖИ технологияларын тегін үйрететін курстарға өтінім қабылдау жуырда alem.ai сайтында басталады.

ТАЛАПКЕРГЕ – МҮМКІНДІК

Негізгі ҰБТ сынағында шекті балл жинай алмаған қазақстандық талапкерлер енді ақылы негізде жоғары оқу орнына түсуге мүмкіндік алады. Бұл туралы Ғылым және жоғары білім министрлігі хабарлады.

25 шілдеде тамыз айында өтетін ҰБТ-ға қатысу үшін өтініш қабылдау басталады. Өтінімдерді қабылдау 5 тамызға дейін жалғасады. ҰБТ-ға тіркелу Ұлттық тестілеу орталығының сайтында (app.testcenter.kz) жүргізіледі. Тестілеудің өзі 10-14 тамыз аралығында өтеді.

CTS орталық кассасында жеңілдігі бар және мектеп көлік картасын рәсімдеу үшін жүгінген кезде жеңілдікті растайтын құжат немесе оқу орнынан анықтама қағазы енді талап етілмейді.


«Тиісті мәртебеге 1 шілдеге дейін ие болған азаматтарға, сонымен бірге 18 жасқа дейінгі оқушыларға картаны рәсімдеу мен қайта шығару растайтын құжаттармен жүзеге асырылады. Жаңартылған дерекқорға толық қол жеткізгеннен кейін картаны қайта шығару қызметі қағаз құжаттарды ұсынбай жүзеге асырылмақ» делінген CTS хабарламасында.

Сонымен қатар енді 3х4 фотосын апармасаңыз, суретке де сол жерде түсіреді.

26-27 ШІЛДЕ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Жаңа жәрмеңке Алаш тасжолы, 35 мекенжайындағы «Keryen joly» сауда орталығының аумағында жұмыс істейді. Сонымен қатар сағат 10:00-ден 19:00-ге дейін Нұрғиса Тілендиев даңғылы, 12а мекенжайындағы «Көктал» сауда-ойын-сауық орталығында және Бейбарыс Сұлтан көшесі, 23 мекенжайында тұрақты түрде жұмыс істейді.



№86 (4830) 24/07/2025 Бейсенбі



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТА БЕРЕДІ

Мемлекет басшысы Корея Республикасының Президенті Ли Чжэ Мёңмен телефон арқылы сөйлесті. Әңгімелесу барысында президенттер сан қырлы қазақ-корей ынтымақтастығын одан әрі нығайтуға бейіл екенін растады.

Мемлекеттер басшылары екіжақты байланыстардың барлық бағыты бойынша егжей-тегжейлі пікір алмасты. Сондай-ақ сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ықпалдастықты жандандыруға ниет білдірді. Тараптар өнеркәсіп, энергетика, машина жасау, білім беру және медицина салаларында қолға алынған әрі перспективті жобаларды тиімді жүзеге асырудың маңызын атап өтті.

Ли Чжэ Мёң Қазақстан Президентін Корея Республикасына ресми сапармен келуге шақырды. Қасым-Жомарт Тоқаев Оңтүстік Корея басшысының шақыруын ризашылықпен қабыл алып, келесі жылы Сеулде өтетін «Орталық Азия – Корея Республикасы» форматындағы саммитке қатысатынын мәлімдеді.

КӨШІ-ҚОН САЯСАТЫН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Мемлекет басшысының Қауіпсіздік Кеңесінің өткен жолғы отырысында берген тапсырмаларын орындау шеңберінде көші-қон саясатын жетілдіре түсу бойынша мәселелер қаралды.



Онда Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова баяндама жасады. Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Бауыржан Әленов елдегі көші-қонды бақылауды жүйелеу жөніндегі шаралар туралы, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев көші-қон саласындағы ақпараттық жүйелерді интеграциялау туралы баяндады.

2023 жылдан бастап Қазақстанда көші-қонның оң сальдосы тіркеліп отыр. Бұл еліміздің тұруға және жұмыс істеуге деген тартымдылығы қалпына келгенін көрсетеді. Халық көп келген өңірлер Павлодар, Шығыс Қазақстан, Атырау, Алматы және Ақмола облыстары, сондай-ақ Алматы, Астана қалалары болды.

Премьер-министр жаһандық геосаяси өзгерістер мен миграциялық ағындардың күшеюі жағдайында халықтың көші-қон мәселесі аса маңызды басымдыққа айналып отырғанын атап өтті.

«Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес, нақты реттелетін көші-қон саясатын қалыптастыру керек. Ол үшін нормативтік құқықтық базаға аудит жүргізіп, мемлекеттік органдардың көші-қон саласындағы функционалдық мүмкіндіктеріне талдау жасау қажет. Заңсыз көші-қон, өңіраралық диспропорция және көші-қон ағындарын бірыңғай есепке алудың болмауы сияқты барлық өзекті мәселе бойынша жүйелі әрі кешенді шешімдер қабылдануы тиіс» деп атап өтті Олжас Бектенов.

Жиында соңғы 2 жылда Қазақстанда тұрақты тұратын шетелдіктердің саны бір жарым есеге артқанына назар аударылды. Осыған байланысты көші-қон процестерін ашық және дәл есепке алуды қамтамасыз етудің маңызы аталды. Премьер-министр ол үшін цифрлық құралдарды белсенді түрде енгізу, мигранттардың қозғалысын жүйеге келтіріп, толыққанды мониторинг жүргізу үшін шекарадан өткен кезде берілетін көшіп-қонушының ID-картасын енгізу жұмысын жеделдету қажеттігін баса айтты.

МЫСЫР ПРЕЗИДЕНТІНЕ ҚҰТТЫҚТАУ ЖОЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Әбдел Фаттах Ас-Сиси мен оның отандастарын Мысыр Араб Республикасының ұлттық мейрамы – Революция күнімен құттықтады.

Мемлекет басшысы Мысыр елінің одан әрі өркендей беруіне тілектес екенін жеткізді. Сондай-ақ қос халықтың игілігі үшін екіжақты және көпжақты форматтағы қарым-қатынас алдағы уақытта да арта түсетініне сенім білдірді.

ЗАҢДЫ КҮШЕЙТУДІ ТАПСЫРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев медицина қызметкерлеріне күш көрсететіндерге қарсы заңды күшейтуді тапсырды. Бұл туралы Қазақстан Президентінің кеңесшісі – баспасөз хатшысы Руслан Желдібай жазды.

«Мемлекет басшысы медицина қызметкерлеріне күш қолданып, қатыгездік танытқан әрекеттерге қатысты жазаны қатаңдату мақсатында ұлттық заңнамаға өзгерістер енгізу туралы Парламент депутаттарының, денсаулық сақтау саласы өкілдерінің және белсенді азаматтардың ұсынысын қолдайды» делінген хабарламада.

Дәрігерлердің денсаулығына нұқсан келтіріп, өміріне қауіп төндіретін мұндай келеңсіздіктерге «Заң және тәртіп» қағидатына сәйкес құқықтық тұрғыда батыл түрде тосқауыл қойылуы керек.

«Президент Үкіметке тиісті заңнамалық түзетулер әзірлеуді тапсырды. Бұл бастама Парламентте азаматтық қоғам өкілдерімен бірге талқыланады» деп жазды баспасөз хатшысы.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ БОЛАШАҒЫ ҚАНДАЙ?

Щучинск қаласында техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасында республикалық слет өз жұмысын бастады. Еліміздің барлық өңірінен келген 100-ден астам белсенді жастар жұмысшы мамандықтарының болашағын талқылап, шеберлігін шыңдап, жаңа серпін мен шабыт алуға жиналды. Іс-шараның ашылуына ҚР Премьер-министрінің орынбасары Ермек Көшербаев, Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары және т. б. қатысты.

Премьер-министрдің орынбасары Ермек Көшербаев слет қатысушыларын құттықтап, жұмысшы мамандықтарының ел дамуындағы маңызды рөлін атап өтті.

«Мемлекет басшысы 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялады. Мұнда мәселе тек бір саланың мамандарын даярлау туралы ғана емес, жалпы еңбекке деген көзқарасты қайта қарау туралы болып отыр. Ұзақ уақыт бойы жұмысшы кәсіптеріне қатысты қоғамда стереотиптер қалыптасып келді. Бүгінде жағдай өзгерді. Қазіргі жұмысшы – жаңа технологияларды меңгерген, еңбек нарығында сұранысқа ие білікті маман. Мемлекет ретінде біз еңбекті қадірлеу дәстүрін қайта жаңғыртып, жұмысшы еңбегіне лайықты құрмет қайтару үшін бар күшімізді салып жатырмыз. Өйткені индустриялық даму, өндірісті жаңғырту, экономикалық тұрақтылық – бәрі ең алдымен сіздердің еңбектеріңізге тікелей байланысты. Осы өзгерістердің өзегінде сіздер – жас мамандар тұрсыздар» деді Ермек Көшербаев.

Жыл басынан бері 8 мыңнан астам кәсіби бағдар беруші маман дайындалды, мектептерде 352 бейіндік сынып ашылды, 1300-ден астам оқушы жұмысшы мамандықтарының негіздерін меңгеріп үлгерді. Шефтік қамқорлыққа алған кәсіпорындар саны 7 есеге артса, кәсіпорындармен дуальді оқыту келісімшартының саны 2 есеге көбейді. 185 колледжде материалдық-техникалық база жаңартылып, студенттердің жатақханамен қамтылуы 96%-ға жетті. 1 қыркүйектен бастап техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына арналған жан басына шаққандағы қаржыландыру көлемі 2 есеге өсіп, бір студентке 437 мың теңгеден 912 мың теңгеге дейін ұлғаяды.



ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Қатар 2036 жылғы жазғы Олимпиада және Паралимпиада ойындарын өткізуге ресми түрде өтінім берді.

Апелляцияның халықаралық Олимпиада комитетіне жіберілгенін Қатар Олимпиада комиссиясы растады. Өтінім құпталған жағдайда, ол Таяу Шығыс пен Парсы шығанағы аймағында Олимпиада ойындарын өткізетін алғашқы мемлекет болмақ. Қатардың мұндай ірі жарысты өткізуге дайындығы 2022 жылғы футболдан әлем чемпионаты жоғары деңгейде ұйымдастырылуымен есте қалды.



2025 жылдың бірінші 6 айында 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда Өзбекстаннан шетелге тұрақты тұру үшін көшкендердің саны шамамен 10 пайызға өсті.

Соңғы жарты жылда көрші елден 5551 адам тұрақты тұру үшін шетелге көшіп кеткен. Былтыр осы кезеңде 5066 өзбек шетелге қоныс аударған. Оның ең көбі Қазақстанға (4128 адам) және Ресейге (760 адам) тұрақтаған. Айта кетейік, Өзбекстан – шетелге еңбек көші-қоны жоғары елдердің бірі.



Болгария 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап ресми түрде ЕО-ның мүшесі саналғанмен, келесі жылдың 1 қаңтарынан бастап еуроаймақтың 21-мүшесі болады.

Халқы еуроны жақтаушылар мен қарсыластар боп екіге бөлінді. Бірі бұл қадамды экономикалық өсуді арттыру және Еуроодақтың басқа елдерімен сауданы кеңейту мүмкіндігі деп қарастырса, басқалары ұлттық валютадан бас тарту инфляцияның жоғарылауына және егемендіктің жоғалуына әкеледі деп санайды.

ҚАЙТАДАН ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ ҚАРАСТЫРЫЛАДЫ

«Елордада көшелер мен аулаларды жөндеу кезінде алынған құрылыс материалдарын сақтау қоймасына барып, көшпелі жиын өткіздік. Мұнда шағын архитектуралық формалар, балалардың спорт алаңдары, қоршаулар және басқа да бұзылған нысандардан алынған материалдар жинақталып-сақталады» деп жазды Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден әлеуметтік желідегі парақшасында.

«Бұған дейін: «Бұл материалдар қайда кетеді? Қайта пайдалануға келе ме?» деген сұрақтар жиі туындаған. Есептеу бойынша, егер сақтау мен үлестіру жүйелі ұйымдастырылса, алынған материалдардың жартысына жуығын қайта пайдалануға болады. Бұл өз кезегінде жаңа материалдарды сатып алуға кететін шығынды азайтады, бюджет қаржысын үнемдеуге және табиғатқа зиян келтірмеуге мүмкіндік береді. Депутаттар қоймадағы есеп жүргізу тәртібімен және сақтау жағдайымен танысты. Дегенмен бірыңғай дерекқордың, қозғалысты бақылаудың және материалдарды пайдалануда ашықтықтың жетіспейтінін атап өттік. Болашақта бұл материалдардың қоймада шаң басып жатпай, қала игілігіне қызмет ету жолдарын қарастырамыз» деп жазды мәслихат төрағасы.



БАС ЖОСПАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

«Астананың 2035 жылға дейінгі Бас жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу» жобасын қоғамдық талқылау бойынша қорытынды жиын өтті.

«Астана бас жоспары» ҒЗЖИ» ЖШС өткізген талқылау жиыны туралы хабарландыру БАҚ-та, Астана қаласы Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының ресми сайты мен әлеуметтік желілердегі парақшаларында биыл 1 шілдеде жарияланған еді. Осыған орай, жобаны жасаушылар құжатқа деген жоғары қызығушылықты ескеріп, қорытынды жиынға бір апта қалғанда көрме ұйымдастырды. Көрмеде күн сайын «Астана бас жоспары» ҒЗЖИ» ЖШС жобалық институтының мамандары, сәулетшілер, инженерлер, экологтар, экономистер жұмыс істеп, келушілерге ақпарат берді. 4 күнде аталған көрмеге келушілерден 2548 бет өтініш түсті. Олардың 65,9%-ы телімдерді тұрғын үй салу мақсатына өзгерту туралы өтініштерден, 29,1%-ы гүлзарлар салу туралы өтінімнен тұрады. 49 адам (1,9%) жобамен жай танысуға келсе, 39 адамның сауалы қаланы абаттандыруға қатысты болған. 9 мәселе көлік пен көше-жол желілерін дамытуға бағытталған. 8 өтінім үйлерді ысыруға, 5 сауал қоршаған ортаны қорғауға, 2 өтініш әлеуметтік нысандарға, тағы бір 2 мәселе діни нысандарды дамытуға қатысты болған. Одан бөлек, электронды поштаға 75 өтініш түскен.

Жиынға «Астана бас жоспары» ҒЗЖИ» ЖШС бас директорының орынбасарлары Азамат Хамитов, Марат Сәдуов, қалалық Урбанистика орталығының басшысы Данияр Шыңдалиев қатысты.

Астананың Бас жоспары – елордаңың 2035 жылға дейінгі ұзақмерзімді перспективада дамуына қатысты стратегиялық бағыттары айқындалған бірінші деңгейлі қала құрылысы құжаты. Жиын барысында келушілер нақты тұрғын үй кешендеріне, олардың аумағына жатпайтын құрылыстарға қатысты мәселелерді көтерді. Жоба жасаушылар тарапынан барлық сұраққа жауап беріліп, көтерілген мәселелерге хаттама толтырылды. Қорытынды талқылау жиынына 1325 адам келді. Дауыс беру нәтижесінде «Астананың 2035 жылға дейінгі Бас жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу» жобасын 935 адам қолдады, 206 адам қарсы болды, 23 адам қалыс қалды. Талқылау тиісті талаптарды ескере отырып өтті. Қоғамдық талқылаудың нақты нәтижесі екі жұмыс күні ішінде хаттама арқылы жарияланады.

ЖАҒАЖАЙДА ҚАУІПСІЗДІК САҚТАЛАДЫ

Жаз маусымы қызған шақта Астана қаласы Полиция департаменті, Төтенше жағдайлар департаменті және қалалық әкімдіктің басқа да құзырлы органдары жағажайлар мен су қоймаларына тұрақты түрде рейд тексерістерін жүргізіп келеді.

Басты мақсат – рұқсат етілмеген орындарда суға шомылудың алдын алу, мас күйінде суға түсу, қауіпсіздік ережелерін бұзу, балалардың қараусыз қалуы сияқты оқыс жағдайлардың жолын кесу. Бұл рейдтер әсіресе демалыс және ыстық күндері күшейген режимде өтеді.

Күн сайын Сарыарқа ауданы Полиция басқармасының инспекторлары тұрғындарға профилактикалық әңгімелер, ал кәмелет жасына толмаған жасөспірімдерге түсіндіру жұмысын жүргізуде. Сондай-ақ ата-аналар мен заңды өкілдерге балаларды қараусыз қалдырмау жөнінде ескерту жасады.

Құтқарушылар мен учаскелік инспекторлар суға түсу ережелерін сақтау, балаларға көз қырын салып жүру, мас күйде суға түспеу және үрлемелі құралдарға сеніп, алысқа жүзіп кетпеу қажет деп түсіндіру жұмысын жүргізіп, арнайы жадынамалар таратты.

Полиция тұрғындарға былай деп үндеу тастайды: судағы қауіпсіздік – өз қолыңызда. Балаларыңызды қараусыз қалдырмаңыздар. Тек рұқсат етілген, арнайы құтқару қызметтері жұмыс істейтін жағажайларда шомылыңыздар!

АҚШ билігі алғаш рет Мартин Лютер Кингті өлтіруге қатысты Федералдық тергеу бюросының 230000 құжатын жариялады.

Ол – афроамерикалық азаматтық құқықтар қозғалысының ең танымал көшбасшысы. 1968 жылы 4 сәуірде 39 жасында Мемфисте қаза тапты. Оның өліміне себепкер Джеймс Эрл Рэй деп табылса да, бұл жылдар бойы даулы тақырып боп келеді. Ең алдымен, Кингтің отбасы құпия құжаттарға алдын жеткізуге, оларды зерттеуге мүмкіндік алатын болды.



Ғалымдар соңғы 30 жылда ыстық күндердің күрт өскенін мәлімдеді.

Егер 1990-2006 жылдары төтенше ыстық күндердің орташа жылдық саны 12 болса, 2007-2023 жылдары ол 19,5-ке жетті. Австралия, АҚШ, Еуропада 2025 жылдан 2029 жылға дейін әр жыл үшін жер бетінің ғаламдық орташа жылдық температурасы 1850-1900 жылдары, яғни өнеркәсіп дамығанға дейінгі деңгейден Цельсий бойынша 1,2-1,9 градус жоғары болады. Сарапшы ғалымдар аптап ыстыққа дайындықты кешенді түрде жүргізуге шақырды.



iKOMEK-ті АРАЛАДЫ

Парламент Сенатының депутаты Андрей Лукин «iKomek 109» – Астана қаласы әкімдігінің қалалық мониторинг және әрекет ету орталығында болды. Ол орталықтың қазіргі қызметімен, цифрлық сервистердің міндетімен, азаматтардың өтінішін өңдеу, елорданың шұғыл және коммуналдық қызметімен, өзара іс-қимыл тетігімен танысты.

Кездесу аясында үдерістердің ашықтығы, операторлар жұмысының тиімділігі және қала тұрғындарының сұранысына жауап беру жылдамдығын арттыру мәселелеріне ерекше назар аударылды. Орталық өкілдері 2025 жылы келіп түскен өтініштер туралы деректерді хабардар етті және цифрлық тұғырнаманы одан әрі дамыту жоспары туралы айтты.

– «iKomek» – бұл жай ғана колл-орталық емес, Астана тұрғындары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары арасындағы жедел және өзара сапалы іс-қимылды қамтамасыз ететін толыққанды кері байланыс тұғырнамасы. Тек 2025 жылғы есепті кезеңде 90%-дан астам өтініш мерзімінде қаралды. Азаматтардың қанағаттану деңгейі тұрақты түрде өсіп келеді. Мұндай тәсіл еліміздің басқа өңірлерінде де енгізілуі тиіс, – деді Андрей Лукин.


Сенатор сонымен қатар Нұра және Есіл аудандарының басшылығымен және активімен кездесулер өткізді. Оның барысында аумақтарды дамыту, абаттандыру, әлеуметтік инфрақұрылым және халықпен өзара іс-қимылдағы басымдыққа ие мәселелер талқыланды. iKomek жүйесі арқылы келіп түскен өтініштерді талдау және аудандық деңгейде шешімдер іздестіруге ерекше назар аударылды.

Ернұр ҚАЙНАР

ДЕПО ДАЙЫН БОЛЫП ҚАЛДЫ

Бас қалада LRT депосының кешенді орталығының нысандары мен ғимараттарының құрылысы жалғасуда. Жылжымалы құрамды сенімді пайдалануды, техникалық қызмет көрсетуді және сақтауды қамтамасыз ететін көлік инфрақұрылымының негізгі буыны – депоның дайындығы 50 пайызды құрайды.

Депоның кешенді орталығын құру LRT техникасын пайдалануға, жөндеуге және қызмет көрсетуге байланысты барлық процесті орталықтан басқаруға мүмкіндік береді. Қазіргі кезеңде пайдалану және локомотив депосындағы негізгі темірбетон және металл конструкция жұмысы аяқталды. Ішкі бөлімдерді монтаждау жүргізілуде. Орталықты іске қосу барлық 18 станцияның және тұтастай алғанда бүкіл желінің тұрақты жұмыс істеуі үшін қажетті пойыздардың қозғалысын және барлық LRT инфрақұрылымының жай-күйін тәулік бойы бақылауды қамтамасыз етеді. Жұмыс бекітілген кестеге сәйкес жүргізілуде.



№86 (4830) 24/07/2025 Бейсенбі

ЖОЛ ЖӨНДЕУ ҚАРҚЫНЫ ЖОҒАРЫ

Жаз шыққалы бері Астанада жолдарды жөндеу және салу жұмыстары белсенді жүргізілуде. Осыған байланысты бірқатар көшеде қозғалыс уақытша шектеледі.



Сұлтан СЕЙІТ

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

Қалалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының мәліметіне сәйкес, 25 шілдеге дейін Сығанақ көшесі бойынша – Арыс көпірінен Түркістан көшесіне дейінгі учаскеде қозғалыс ішінара жабылады.

16 тамызға дейін Ұлы дала даңғылы мен Төле би көшесінің қиылысында инженерлік желілерді: су құбырларын, нөсер және тұрмыстық кәріздерді кесу жұмыстары жүргізіледі.

16 қазанға дейін №108 LRT станциясында құрылыс-монтаж жұмыстары жоспарланып отыр. Осыған байланысты Қабанбай батыр даңғылы учаскесінде – Ұлы дала даңғылынан Бұқар жырау көшесі бағытында қозғалыс ішінара шектеледі: жүру бөлігі бір жолаққа дейін тарылады. Кері бағытта қозғалыс өзгеріссіз қалады.

Жаңа жол-құрылыс маусымында аудан әкімдіктерінің тізіміне енген көшелерді жөндеу жоспарлануда. Алдағы жолдарды салу және жөндеу жоспарына Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы барлық көшені қоса алмады. Бұл мақсатқа бастапқыда 2025 жылы 7 млрд теңге бөлінсе, өткен жылы – 96 млрд, оның ішінде инфрақұрылымды дамытуға – 51,3 млрд, орташа жөндеуге 44,7 млрд теңге қарастырылған. Ведомство бірінші нақтылауда жергілікті бюджеттен қосымша 20 млрд теңге бөлу көзделгенін, жыл соңына дейін тағы 17,8 млрд теңге қажет екенін атап өтті. Сонымен қатар республикалық және жергілікті бюджеттен тағы 43 жаңа нысанға, атап айтсақ, жаңа көшелер, бағдаршамдар, жаяу жүргіншілер өткелдері, тротуарлар және инженерлік желілер жүргізуге, сондай-ақ, 14,7 км автомобиль жолдарының құрылысына қаражат бөлінді.

Бытығай тұйық көшесінің, Қ.Қайсенов көшесінің, 37-көшенің, Тәуелсіздік даңғылының екінші кезегіндегі, сондай-ақ «Мирный» және Е16 ТК ауданындағы жол-құрылыс жұмыстарын бастау жоспарда тұр. Үркер тұрғын алабында бағдаршамдар орнатылып, тротуарлар салынады. Ведомствода басталған 18 нысанды, оның ішінде Ш.Бейсекова көшесі мен Н.Тілендиев даңғылының қиылысындағы көлік айырығын аяқтау, сондай-ақ жеті нысандағы: 306-көше, «Sat city» ТК жанында, Есіл өзенінің жағасындағы баспалдақ жиындары, Тәуелсіздік, Р-1 жолы (Е542 көшесінен 229-ға дейінгі учаскеде), «Нұрлы» және «Сарын» кооперативтерінде жүргізіліп жатқан жол жұмыстарын аяқтау көзделіп отыр.

Бес проблемалық учаскеде, атап айтсақ, Бұқар жырау, Абайдың 150 жылдығы, Орынбор, 27-көше және Әйтеке биде құрылыс қайта басталады. Алдағы уақытта Көктал, Оңтүстік-шығыс (сол жағы) және Теміржол тұрғын алаптарында жол салу жоспарланған.

Интернациональный және Мичурин тұрғын алаптарында электрмен жабдықтаудың сыртқы желілері жүргізіледі. Жөндеу мен құрылысқа байланысты жол-көлік шығынына екі бюджеттен 26,2 млрд теңге қарастырылғаны белгілі. Алайда бұл қаражат ведомстволық барлық жоспарын жүзеге асыруға жеткіліксіз болуы мүмкін. Бюджетті нақтылау кезінде қосымша қаржыландыру қарастырылуы мүмкін.



Өткен жылы ұзындығы 13 км болатын 38 нысан іске асса, биыл қаланың барлық 6 ауданында және тұрғын алаптарында адам көп жүретін көшелер мен жолдарға орташа жөндеу жүргізіліп, жол белгілері қойылды.

Нұра ауданында ұзындығы 14,7 км болатын 10 көшеде, нақтырақ айтсақ, Атырау, Ш.Айтматов, Домалақ ана, Гауһартас, Д.Қонаев көшелерінде, сондай-ақ Орталық саябақта, «Сарыарқа» СУ-де, Қорғалжын тасжолы мен Тұран даңғылында орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр.

Есіл ауданында ұзындығы 18,55 км 9 көше, оның ішінде Нұржол бульвары, Ұлы дала даңғылы, М-3 автомобиль көпірі, Сығанақ – Мәңгілік ел бойынша көлік айырығы, Ш.Мұртаза, Достық – Д.Қонаев, Алматы, Сығанақ, Керей-Жәнібек хандар көшелері орташа жөндеуді қажет етеді.

Алматы ауданының аумағында ұзындығы 13,5 км 8 көшеге: А.Петров, Қ.Мұңайтпасов, М.Жұмабаев, Қ.Жалайыри, Балқантау көшелерін, сондай-ақ Тәуелсіздік даңғылын – Б.Момышұлы даңғылынан Қ.Мұңайтпасов көшесіне және Р.Қошқарбаев даңғылына, Абылай хан даңғылына – Б.Момышұлы даңғылынан Манас көшесіне, содан кейін А.Пушкин көшесінен Манас көшесіне дейінгі учаскелерді асфальттау қажет. Б.Момышұлы-Қ.Сәтбаев көшесінен Абылай хан даңғылына дейін орташа жөндеу жүргізіледі.

Сарайшық ауданында жалпы ұзындығы 1,68 км көшеге, мәселен, Р.Қошқарбаев даңғылы – Тәуелсіздік даңғылынан Қ.Аманжолов көшесіне дейін, Тәуелсіздік даңғылы – Ж.Нәжімеденов көшесінен Ш.Қалдаяқов көшесіне дейін, Ш.Қалдаяқов көшесі – Ж.Нәжімеденов көшесінен Тәуелсіздік даңғылына дейін жөндеу көзделіп отыр.

Сарыарқа ауданында Ирченко, М.Әуезов, С.Сейфуллин, А.Герцен, К.Байсейітова, Сарыбұлақ, Ә.Жангелдин, Жаңақоныс, Желтоқсан, Қарталы, Фахд бен Абдул Азиз, Ш.Бөкеев, С.Қожахметов, Бейбітшілік, Күршім көшелері, сондай-ақ Н.Тілендиев даңғылынан бастап 15 шақырымға созылған 17 учаске орташа жөнделеді.

Байқоңыр ауданында жалпы ұзындығы 12,93 км болатын 13 көшеде: Кенесары, А.Бараев, А.Кравцов, А.Иманов, Х.Досмұхамедұлы, Ж.Тәшенев, Тараз, Ақбидай, Қ.Кемеңгерұлы көшелерінде, сондай-ақ Абай даңғылында – Республика даңғылынан Ә.Сембинов көшесіне дейін, Алаш тасжолында – 191-көшеден 69-көшеге дейін пайда болады, А.Бараев көшесінің жерасты өткелінде және А.Пушкин көшесінен «Социум» тұрғын үй кешеніне кіреберісте орташа жөндеу жүргізіледі.

Өткен жылы елорданың 50 көшесінде жалпы ұзындығы 58 км орташа жөндеу жүргізілді. 300 учаскедегі шұңқыр жерлер топырақпен толтырылып, жалпы ұзындығы 23 км болатын 25 көшеде тротуар, 9 аялдама, 150 пандус, сондай-ақ Н.Тілендиев даңғылы, 50, 50/1, «Urban» мектебі мен «Бөбек», «Мөлдір», «Арғымақ» балабақшалары маңындағы 6 тұрақ аймағы қайта жаңғыртылды.

ЖАСТАРЫ ЖАРҚЫН ЕЛОРДА


Бүгінде елордада 481 мыңнан астам жас бар. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 30 мың адамға артқан. 16 ЖОО-да 95 мыңнан астам студент білім алады. Жастарға арналған бастамалар, жобалар мен бағдарламалар олардың дамуына, жұмыспен қамтылуына және әлеуметтік белсенділігіне серпін беріп отыр. Соның бәрі Астана қаласында мемлекеттік жастар саясатын дамыту бағытында ауқымды әрі жүйелі жұмыс жүргізіліп отырғанының арқасы. Бұл туралы Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Самат Ибраев баспасөз конференциясы барысында мәлімдеді.

Райхан РАХМЕТОВА

Спикердің айтуынша, 2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында 5023 жас жұмыспен қамтылған. Бұл «Жастар практикасы», «Қоғамдық жұмыстар», «Алғашқы жұмыс орны» сияқты жобалар аясында жүзеге асты. Сондай-ақ «Жасыл ел» бағдарламасы арқылы екі айдың ішінде 3365 жас жұмыспен қамтылса, маусым соңына дейін бұл көрсеткіш 5200-ге жетеді деп күтіліп отыр. «Joltap» жобасы аясында жастар 7 цифрлық мамандық бойынша (SMM, таргетинг, контент-креатор, графикалық дизайн, видеомонтаж, веб-дизайн және базалық цифрлық дағдылар) және 11 жұмысшы мамандық (бариста, тігінші, сатушы, дәнекерлеуші және т. б.) бойынша оқып жатыр. Жоспарға сәйкес, жыл соңына дейін 5300 жас жұмысшы мамандықтары, 2700 жас цифрлық дағдылар бойынша білім алады.



– Биыл 5000-нан астам ерікті World Boxing Cup Astana-2025, EcoFest, BI Marathon, Kazakhstan Machinery Fair және басқа да ірі қалалық, халықаралық деңгейдегі іс-шараларға белсенді қатысып, ұйымдастырушыларға жан-жақты қолдау көрсеткен. Олар аудармашы, үйлестіруші, қонақтарды қабылдау мен алып жүру бойынша қызметтер атқарған. Жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау және құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары да назардан тыс қалмаған.



«Esirtkisiz elorda» жобасы аясында рейд, спорт жаттығулары, тренинг, шығармашылық байқау өткен, – дейді басқарма басшысы.

«Таза Қазақстан» акциясы аясында елордалық жастар сенбіліктерге қатысып, табиғатты қорғау мен зиянды әдеттерден аулақ болу мәдениетін насихаттауда. Сонымен қатар «Заң және тәртіп» бағыты бойынша есірткіге қарсы рейдтер мен спорт шаралары тұрақты түрде өтіп келеді. Әскери-патриоттық тәрбие бағытында «Жас сарбаз» жобасы жүзеге асып, 64 мектеп пен 14 колледжде 2 мыңнан астам тәрбиеленуші қамтылған.

Қалада 10 аула клубы жұмыс істейді. Онда 2500-ге жуық бала мен жасөспірім 130 үйірмеге тегін қатысады. Үйірмелер 74 спорт, 56 шығармашылық бағытта жұмыс істейді. Қазір елордада 64 студенттер жатақханасы бар. 2025 жылы қосымша 3400 орындық 7 жатақхана салу және қайта жаңғырту жоспарланып отыр. Аталған шаралар ондағы орын тапшылығын толық шешуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар Астана қаласының әкімдігі жоғары оқу орындарына оқу корпустары мен жатақханалар салуға арнап жер учаскелерін бөліп отыр.

№86 (4830) 24/07/2025 Бейсенбі

САРЫАРҚА – ҚАЗАҚТЫҢ АЛТЫН ЖОТАСЫ

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Батысы Торғай ойпатына тіреліп, шығысы Қара Ертіске еңкейіп барып тоқтайтын, түстігін Балқаштың көгілдір толқындары шайып жатса, терістігі көк Есілмен көмкерілген ұлан-ғайыр Сарыарқа сан ғасырдан бері қазақтың құтты қонысы болып келе жатыр. Тарихи деректерге жүгінсек, осынау далада ұлт тағдырына үлкен әсерін тигізген талай оқиға мен құбылыстың өткеніне куә боламыз.




Сарыарқаны географиялық тұрғыдан «Қазақтың ұсақ шоқысы» деп атайды. Оның ұзындығы батыстан шығысқа қарай 1200 шақырымды, оңтүстіктен солтүстікке дейін 950 шақырымды құрайды. Батыс жағы біршама тегістеу – Ұлытаудың таулы жерлері (ең биігі Ақмешіт – 1133 м) және Көкшетау үстірті (947 метрлік Көкше тауы). Шығыс жағы – Қарқаралы таулары (1403 метр), Шыңғыстау жотасы (1469 метр) және Сарыарқаның ең биік шоқысы, Ақсоран тауы (1566 метр).

Картадан қарағанда, батыстан шығысқа қарай созылып жатқан бұл шоқылар адамның кәдімгі арқасын елестетеді. Бұл құбылыс Сарыарқа атауының шығу төркініне жетелесе, тарихшылардың пікірінше, жаугершілік заманда тыл қызметін атқарғандықтан «артымызда қалған өлке», «арқамыздағы ел» деген ұғымдарды береді. Сол өңірдің тау-тасын көп аралап, жете зерттеген қазақ археологиясының атасы Әлкей Марғұланның дерегінше, Сарыарқаның әу бастағы атауы да – Арқа. Бірақ өсімдіктері күйгендіктен, сарғайып жататын кең де үлкен жон, жалпақ үстірт, сансыз адырлы қырқа Сарыарқа деп аталып кеткен.

Алтын Орда заманында Сарыарқада Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы ұлысы өмір сүрді. Кезінде бұл туралы жазған көрнекті жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, марқұм Әнес Сарай Жошы Кеңгір өзені бойындағы Ордабазарға көшіп келгенде Сарыарқаның сайын даласына сүйсініп: «Төрткүл әлемді шарласаң да, мұндай жанға жайлы жер, таза ауа, дәмді су, кең шалқар сонының іздесең таппассың» дегенін келтіреді. Мұны қаламгер Қазақстан тарихына қатысты парсы дерегінен алды.

Ал Қазақ хандығы дәурінде жыраулық поэзияның басы саналатын Асан қайғы қазақ даласын желмаясын міне аралағанда, Сарыарқаның тауы мен жазығына, өзені мен көліне бағасын беріп кетті. Мәселен, Шідерті өзенін көргенде «Мына шіркіннің топырағы асыл екен. Алты ай арықтатып мінген ат бір айда майға бітетін жер екен! Бос жылқы шідерлеп қойғандай тоқтайтұғын жылқының қонысы екен!» депті. Есіл өзені жайлы «Жары менен суының, жарлысы мен байы тең болатұғын жер екен» деген екен. Ал Нұра бойымен жүргенде «Алты күнде ат семіртіп мінетұғын жер екен» депті.

Жалпы салқар Сарыарқа туралы ескіден келе жатқан сөз де, өлең де, ән де, күй де баршылық. Әсіресе, Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Әбубәкір Кердері секілді зар заман ақындарының шығармашылығында үлкен орын алады. 1822 жылы 22 маусымда патша өкіметі өзінің отаршыл саясатын нығайту мақсатымен жарлық шығарып, «Сібір қырғыздарының (қазақтарының) уставын» бекітті. Сол заман ақындары ұлт тағдырын ойлап, дабыл қақты. Белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы Амантай Шәріп «Қазақ поэзиясында «Сарыарқа» сөзі әлденеше ғасырдың белесінде – әуелі жалпылама «кең дала» ұғымы түрінде, содан соң нақты жер атауы санатында қолданылып келді. Сонымен қатар көшпелі қазақтың кір жуып, кіндік кескен төл мекені деген мән-мағынаны иемденді» дейді.



«ХХ ғасырдың басында, әсіресе Алаш ағартушылығы кемеліне келген тұста сайын сахараны сипаттайтын «Сарыарқа» атауы Қазақ елінің тұтастығын танытатын ұлттық символдардың біріне айналған болатын. Бұл байырқалы бейне Мәшһүр Жүсіп, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Нарманбет, Ілияс, т. б. ақындардың өлеңдерінде тиісінше таңбаланды

Филология магистрі Мира Күлбаеваның «Зар заман поэзиясындағы «Сарыарқа» ұғымы» атты зерттеуіне жүгінсек, «шығыстағы Дулаттың, батыстағы Әбубәкір мен Мұраттың, Арқадағы Шортанбайдың бір-біріне ұқсас әуенмен ел мұңын жырлауы көп ойға жетелейді. Заманды сезіну ортақтығы деген осы. Орыс шаруаларының қазақ жеріне ағылып келуі жұрттың наразылығын оятты. Бұл қарсылық отаршылдық дәуірдің құбылыстарын аяусыз сынға алған зар заман поэзиясында шынайы көрініс тапты» дей келе, ақындардың өлеңдерін талдайды. Соның ішінде Дулаттың мына өлең жолдарын келтіреді:

Айтуға ауыз келе ме,
Аягөз кімнің жері еді?
Ұлы өрісі қысқарып,
Кең қонысың тарылды, – деп жырлаған Дулат Бабатайұлы төмендегі жолдармен өктем саясаттың алдында қазақтың дәрменсіз жағдайын, өкінішін сипаттайды:

О, Сарыарқа, Сарыарқа!
Самалың салқын жон едің.
Сырдан ауып келгенде,
Жапырылмай шалғының,
Балауса балдыр балғының,
Тимеген ірге соны едің...

«Шортанбай – орыс отаршылдығы тұсында қазақ қоғамына кірген әлеуметтік өзгерістердің сырын терең ашып бейнелеген суреткер. Қазақ даласына сауда капитализмінің кіруі, қоғамның бай не кедей болып жіктелуі, өкімдікке талас пен сайлау кезіндегі даулар ақын өлеңдерінде әсерлі суреттеледі» дейді Мира Күлбаева.

Отаршылдық қасіретін Шортанбай былай жырлайды:

...Нысапсыз екен бұл кәпір,
Жеріңді алды, малды алды,
Пәлесі жоқ салмаған,
Қайысады қабырғаң,
Көтере алмай салмағын.
Шортанбайды әрі қарай сөйлетейік:
Арқадан дәурен кеткен соң,
Құғындап орыс жеткен соң,
Тіпті амал жоқ, қазақтар,
Түсті соның торына...

Мұраттанушы ғалым, академик Бауыржан Омар «Мұрат Мөңкеұлының «Үш қиян» мен «Сарыарқа» толғау-поэмаларында халық басына түскен ауыртпалық арқау етілген» дейді. «Сарыарқадан» үзінді келтіре кетсек:

Біз көштік Сарыарқадан
бермен асып,
Көлденең Сағыз бенен Жемді басып.
Ат мініп, киім киіп, тұқым алдық,
Сүйектес жақын жұрт деп араласып... – деп жырлайды ақын.

Жоғарыдағы Дулаттың, Шортанбай мен Мұраттың өлеңдерінен отаршылдықтың кесірінен қазақтың Арқадан ауғанын аңдауға болады. Әбубәкір Кердері де ұлтымызды Арқаның киік пен құланына теңейді.

Қазақтың бірнеше ғасырлық шежіресін хатқа түсірген, соның ішінде ұлттың жалпы тарихы, өнер мен мәдениет тарихы жайлы құнды жазбаларды қалдырған ақын, ойшыл Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Сарыарқаның кімдікі екені туралы» еңбегі де зар заман ақындарының шығармашылығымен өзектес. Қара сөзбен және өлеңмен жазылған, 1907 жылы «Қазан» баспасынан шыққан бұл еңбекті Мәшһүр Жүсіп:

Сөз шықты біздің қазақ баласына,
Петербург келіңіз деп қаласына, – деп бастап, әрі қарай:

Айырылып қалып едің су мен жерден,
Қуат-күш кеткеннен соң әрбір ерден.
Біреуі айырылғанның – тау мен ағаш
Мүлкіңнен шығып кеткен бәрі бірден, – дей келе:

Айырылған біздің қазақ Есілінен,
Өзінің болған емес кесірінен...
Айырылды біздің қазақ Нұрасынан,
Атаның мекен салған мұрасынан... – деп жалғастырады.

Мәшһүр Жүсіп бұл еңбегінде Сарыарқадағы кейбір жер-су атауларының шығу төркінін де тарқатады. Соның ішінде «Баянауыл», «Қарқаралы-Қазылық», «Тоқырауын», «Жамшылы», «Өлеңті», т. б. осы сияқты атауларға сипаттама береді.

Мәшһүр Жүсіптей Кереку өңірінде туған Қаз КСР Халық әртісі Шахан Мусин жас кезінде елдегі ашаршылықты көріп, соның бар қасіретін «Наркомға хат» атты өлеңі арқылы төгіп салады. Сол үшін 18 жылға сотталып, ақталып шыққан соң өмірін актерлікке арнайды.

«ХХ ғасырдың басында, әсіресе Алаш ағартушылығы кемеліне келген тұста сайын сахараны сипаттайтын «Сарыарқа» атауы Қазақ елінің тұтастығын танытатын ұлттық символдардың біріне айналған болатын. Бұл байырқалы бейне Мәшһүр Жүсіп, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Нарманбет, Ілияс, т. б. ақындардың өлеңдерінде тиісінше таңбаланды» деп жазады Амантай Шәріп. 1917-1918 жылдары Алаш қайраткерлері Семей қаласынан «Сарыарқа» атты газет те шығарды. «Алаш» партиясының органы ретінде сол кездегі саяси-қоғамдық мәселелерді көтерген басылымда Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытов, Халел Ғаббасов, басқа да Алаш қайраткерлерінің мақалалары жарияланды.

Сарыарқа дегенде күрескер ақын, халық композиторы Иманжүсіп Құтпанұлының «Ерейментау» атты өлеңі еске түседі.

Абылай аспас Арқаның сары белі,
Қуандық пен Сүйіндік жайлайды елі.
Қырық мың жылқы су ішсе
лайланбас,
Нияздың Аюлы мен Қаракөлі... – деп басталатын өлеңде де көптеген жер-су, тау атауы кездеседі.

Күй атасы Құрманғазының «Сарыарқа» атты күйі елге белгілі. Қазақтың дәстүрлі музыка өнерінің шыңында тұрған бұл шығарма күйшінің қуғын-сүргінге ұшырап жүрген шағында жазылды. Құрманғазының осы күйі біртұтас қазақ халқының еркіндікке, азаттыққа деген құлшынысының көрінісіндей.

Жазушылық өнер мен ғылымды ұштастырған, артында музыкалық мұра да қалдырған Ақселеу Сейдімбектің «Сарыарқа» атты әні – сазы мен сөзі үйлескен туынды. Өлеңін көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Несіпбек Айтұлы жазған ән:

Саржайлауым менің,
Ән жайлауым менің.
Жан жайлауым менің,
Беу-беу, Сарыарқа! – деп басталады. Туындыда «Аңыз дала, Абыз дала, Қобыз дала, Сарыарқаның» бар сұлулығы, «Шер-күйігім» атты бір сөзі арқылы басынан өткізген қасіреті баяндалады.

Белгілі композитор Сейдолла Бәйтерековтің көрнекті ақын Шөмішбай Сариевтің өлеңіне жазылған «Сарыарқа» әні де елге кең таралды. Беріде шыққан туындыларға келсек, өз басымызға талантты композитор Есжан Әміровтің «Сарыарқам менің» әні ерекше ұнайды. Оның өлеңінің авторы – арқалы ақын, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Серік Ақсұңқарұлы.

Ән-жырға, күйге айналған Сарыарқа жай ғана жер атауы емес. Онда қазақтың арман-аңсарымен қатар қайғы-қасіреті жатыр. Мұны жоғарыдағы мысалдардан байқауға болады.

ШАПАҒАТЫ ШАЛҚАР ШАРФ

«АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешенінде Жұмысшы мамандықтары жылы аясында «Еңбекпен ел көгерер» тақырыбында көрме өткізілді.

Көрмеге жарты ғұмырын Малиновка (қазіргі Ақмол) ауылын көркейтуге, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-ағарту мәселелерін шешуге арнаған, биыл туғанына 95 жыл толып отырған Иван Шарфтың өмірі мен қызметіне қатысты фотосуреттер мен жеке заттары қойылды. Ол басқарған жылдары мәдениет үйі, үш қабатты орта мектеп, балабақша, сауда орталығы, шаруашылық-тұрмыстық кешен, бірлестік кеңсесінің үш қабатты әкімшілік ғимараты бой көтерді.

Елімізге жер аударылған неміс отбасында дүниеге келіп, әкесі ату жазасына кесілген Иван бала кезінен қуғын-сүргіннің бар ауыртпалығын сезініп өсті. Целиноград педагогикалық институты мен Целиноград ауыл шаруашылығы институтын бітіріп, Ақмола өңірінің ауыл шаруашылығы саласының өркендеуіне мол үлес қосты. Еңбегі лайықты бағаланып, Социалистік Еңбек Ері атанды. Қаз КСР Жоғарғы кеңесінің депутаты, төралқасының мүшесі болып сайланды. Бір естелігінде қазақтардан көрген жақсылығы жайлы жазып, елімізге сақырлаған аяз күндері отбасымен жер аударылғанда жергілікті ақсақалдар үстеріндегі тондарын шешіп, бала Иванды орағандарын атап өтті. Қазақ тілін меңгеріп, қазақтың мәдениеті мен тілі мәселелерін керек жерінде көтере білді.

Иван Иванович алғашқылардың бірі болып саяси қуғын-сүргін құрбандарын мәңгі есте қалдыру жұмыстарын бастап, Ақмола лагерінде отырған әйелдердің кездесуін ұйымдастырды, «АЛЖИР» мемориалдық кешенін құрудың бастамашысы болды. Лагерь тұтқындары жерленген ескі зиратты тауып, оны қоршатып, белгі орнатқызды. Оның бастамасымен 1989 жылы Малиновка ауылында жарылған қызыл жұлдыз ескерткіші қойылды. Арада жиырма жылдай уақыт өткенде, 2007 жылы «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешені ашылды.



ДҮЙСЕНБІ

28 ШІЛДЕ

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Інжу-маржан».
6:45 «Таза Қазақстан».
7:00 «TAŃSHOLPAN».
8:00 «Бізбен бірге». Телехикая.
8:50 «Ауылдастар»
9:25 «Дархан батыр». Телехикая.
10:00 «Анам Анкара». Телехикая.
11:00 «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». Телехикая.
12:00 «Қызық екен...».
12:50 «Атамекен».
13:25 «Көңіл толқыны».
14:40 «Алмасай». Телехикая.
15:40 «Замандастар».
17:20 «Әндер мен жылдар»
18:00 «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «Ақжауын». Телехикая.
21:20 «АНАМ АНКАРА». Телехикая.
22:15 «Жайдарман».
23:10 «Көзайым». Телехикая.
0:05 «Білім бәйгесі»
1:40 «Сана»
2:45 «Әндер мен жылдар»
3:25 «Атамекен».
3:55 «Қызық екен...»
4:35 «Таза Қазақстан»
4:50 «Ең дәмді»

05:00 «Дүлдүлдер дүбірі»
06:00 Телехикая. «Пәленшеевтер 4»
07:00 «Cover show 3»
09:00 Мультсериал.
09:30 Телесериал. «Зимородок 2»
11:30 «ОйнаIQ»
12:30 Телехикая. «Келінжан 2»
14:00 Телехикая «Әйел бақыты»
16:00 Телесериал. «На твоей стороне»
18:30 Жаңалықтар
19:00 Телехикая. «Әпке»
20:00 Телехикая. «Әйел бақыты»
22:00 Телесериал. «На твоей стороне»
00:00 Телесериал. «Перекресток»

ASTANA TV

06.00 «Родительское право» телесериал
07.20 «Ты только мой» телесериал
08.20 «Сен келерсің» телехикаясы
09.15 «Қара ниет 6» телехикаясы
10.40 «Ана» телехикаясы
12.00 «Осман 5» телехикася
16.15 «Пороги» телесериал
17.20 «Родительское право» телесериал
18.30 «Яркое пламя» телесериал
19.30 «Astanatimes»
20.00 «Ана» телехикаясы
21.00 «Қара ниет 6» телехикаясы
22.00 «Осман 5» телехикаясы
23.55 «Сен келерсің» телехикаясы
01.00 «Мұрагерлер» телесериал

6:00 «П@YTINA» бағдарламасы
7:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ДРУГАЯ СЕМЬЯ».
